

Дайыр ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімнің 2025 жылғы 16 қазандағы № 5 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Дайыр ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 18 қыркүйектегі қорытындысы негізінде, Дайыр ауылдық округінің әкімі шешім қабылдады:

1. Дайыр ауылының 1 шартты көшесі – Заманбек Байжұманов көшесі;
Жамбыл ауылының 1 шартты көшесі – Жақсықан Жақыпов көшесі;
Жамбыл ауылының 4 шартты көшесі – Закарья Сабаев көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Дайыр ауылдық округ әкімі

Н. Исанов